

Алматы қаласындағы экологиялық жағдайды жақсарту шаралары туралы

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің қаулысы 25 қараша 1993 ж. N 1184

Алматы қаласында экологиялық ахуалды сауықтыру үшін белгілі бір жұмыс жүргізіліп келеді. Алайда атмосфералық ауаның сапалық жайы бұрынғысынша қанағаттанарғысыз күйде қалып отыр.

Автомобиль көлігінің едәуір өсуі әуе бассейніне кері әсерін тигізуде. Тек 1992 жылы ғана жекеменшік автомобильдер саны 34 мыңға көбейді.

Автокөлік кәсіпорындарын қаланың сыртына көшіру жөніндегі тапсырма орындалған жоқ. Тұрмыстық қатты қалдықтарды қайта өңдеу бүгінгі күн талабына сай жолға қойылмаған. Өндірістік қалдықтарды кәдеге жарату мен залалсыздандыру полигонын салу мәселесі де шешілмей келеді, бұлардың қала аумағында уақыт өткен сайын жинақталып, үйіліп жатуы қаланың санитарлық-экологиялық жағдайына салқынын тигізуде.

Министрліктер, ведомстволар, кәсіпорындар мен ұйымдар атмосфераға залалды заттардың шығарылуын қысқарту, өнеркәсіп пен тұрмыс қалдықтарын кәдеге жарату, су пайдалануды реттеу жөнінде пәрменді шаралар қолданбай отыр.

Алматы қаласының экологиялық жағдайын сауықтыру мақсатында Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

1. Алматы қаласының әкімі:

мүдделі министрліктермен, ведомстволармен және басқа да ұйымдармен бірлесіп, 1993-1994 жылдары Алматы қаласын экологиялық сауықтырудың кешенді бағдарламасын әзірлеуді аяқтасын;

1994 жылғы 1 шілдеге дейін экологиялық талаптарды ескере отырып, Алматы қаласында құрылыс жүргізу ережесін әзірлесін;

1994-1996 жылдардың ішінде тұрғын алаптар, су сақтау жүйектері санитарлық-экологиялық және қала құрылысы талаптарына сәйкес келтірілсін.

Қазақстан Республикасының Құрылыс, тұрғын үй және аумақтарда құрылыс салу министрлігімен бірлесіп, 1994 жылдың 1 қаңтарынан бастап қаланың коммуналдық қажетіне қызмет етпейтін жаңа өнеркәсіп объектілері мен кәсіпорындары салынуына тиым салсын. Қаланың тіршілігімен сабақтас өнеркәсіп орындарын дамытуды "Қайрат" және "Шамалған" өнеркәсіп аймақтарында жүзеге асырсын, жұмыс істеп тұрған кәсіпорындарда реконструкциялау мен техникалық қайта жарақтауды ластау лимитін 10 процентке қысқарту арқылы өндіріс алаңдарын ұлғайтпай жүзеге асыруды көздесін;

коммуналдық объектілер құрылысына, саяжай, гараждар мен автотұрақтары құрылысына мемлекеттік экологиялық сараптаманың оңды қорытындысынсыз жер

бөлу жүргізілмесін.

2. Қазақстан Республикасының Экология және биоресурстар министрлігі 1994 жылдың 1 шілдесіне дейін Алматы қаласындағы табиғи ортаның сапасын жақсарту үшін өнеркәсіп пен тұрмыс қалдықтарын, шағын және жалпықалалық тазарту ошақтарынан шыққан ластағыш заттар тастандыларын, тұрақты және жылжымалы көздерден бөлінетін залалды қоспалар шығарындыларын орналастыруға қатысты ағымдағы нормативтерді қайта қарап, жаңа нормативтер әзірлеп енгізсін.

3. Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық объектілерін пайдалану мен дамыту жөніндегі "Қазтұрғынкомшар" мемлекеттік республикалық концерні:

Алматы қаласының әкімімен бірлесіп 1995 жылдың 1 шілдесіне дейін өз бетінше пайда болған үйінділердің жойылуын, тұрғын үй құрылысы жүріп жатқан аудандардан қоқыс тиеу стансаларын әкетіп, босаған аумақтарды жаңғыртуды, тұрмыстық қатты қалдықтарды үздіксіз жинау, тасымалдау, оларды кәдеге жарату және жаңа полигонда көміп отыру жұмыстарының ұдайы жүргізілуін қамтамасыз етсін;

1994 жылдың 1 тоқсанында бұрынғы бар және жаңадан қолға алынған аумақтарда суармалы жасыл көшет алаптарын жаңарту мен жасау бағдарламасын бекітіп, оны жүзеге асыруға кіріссін;

өнеркәсіп орындары мен коммуналдық шаруашылықтарда суық және ыстық су тұтынудың есебін жүргізетін аспаптар енгізу мәселесін қарасын.

4. Алматы облысының және Алматы қаласының әкімдері:

1994 жылдың бірінші жартысында қала мен облыс кәсіпорындарының өнеркәсіптік улы тастандыларын кәдеге жаратуға, залалсыздандыруға және көмуге арналған полигон салуға (кәсіпорындар мен ұйымдардың үлестік қаржыларын есепке ала отырып) жер бөлу мәселесін шешсін;

Алматы қаласының тау бөктерлеріндегі бөлігінде және іргедегі тау шатқалдарында санитарлық-экологиялық аймақтар жасап, онда автокөліктің еркін жүріп-тұруын шектеу көзделсін.

5. Алматы қаласының әкімі "Желдірме" мемлекеттік холдинг компаниясымен, Қазақстан Республикасының Энергетика және отын ресурстары министрлігімен, Экономика министрлігімен бірлесе отырып, 1994 жылдың екінші тоқсанынан бастап, көліктің барлық түрлерін дамытудың кешенді схемасының 1-кезеңін жүзеге асыруға кіріссін, мұнда электр көлігін басымдықпен дамыту, "Медеу" шатқалына троллейбус маршрутын тарту көзделсін. <*>

Ескерту. 5-тармақтан сөздер алынып тасталды - ҚР Үкіметінің

1996.06.28. N 836 қаулысымен. P960836_

6. Қазақстан Республикасының Көлік министрлігі, Ішкі істер министрлігі, "Желдірме" мемлекеттік холдинг компаниясы қалалық автокөлікті шығаратын газын тазартуға арналған құралмен жабдықтау, экологиялық талаптарға сай келмейтін автомотокөліктер әкелуді шектеу, сондай-ақ шығатын газды тазартатын жаңа

технологиялар ендіру жөнінде шаралар қолдансын.

7. "Айналадағы табиғи ортаны қорғау туралы" Қазақ ССР Заңына сәйкес Қазақстан Республикасының Ұлттық банкіне, коммерциялық және басқа банкілерге мемлекеттік экологиялық сараптаманың оңды қорытындысы болмаған жағдайда меншіктің барлық түріндегі объектілер салу мен реконструкция жасауға қаржы бөлуге тиым салу ұсынылсын.

8. Қазақстан Республикасының Энергетика және отын ресурстары министрлігі: 1994 жылдың II тоқсанынан бастап Алматы облысының мұнай өнімдерін сақтау орындарын кезең-кезеңмен қала сыртына шығаруды қолға алып, босаған алаңдардың қалпына келтірілуін қамтамасыз етсін;

Алматы N 1 жылу электр орталығы және қаладағы басқа да энергетика көздері Бұқара газды ауданы - Ташкент - Алматы газ құбырының екінші желісі іске қосылғаннан кейін және газ құбырының жұмыс істеп тұрған бірінші желісі жаңартылғаннан кейін табиғи газды пайдалануға көшірілсін.

9. Алматы қаласының әкімі жарты жылдықтың қорытындылары бойынша Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинетіне осы қаулының орындалу барысы туралы ақпар беріп отырсын.

Қазақстан Республикасының
Премьер-министрі